

## Технология (ұл балаларға арналған)

### *Бір дұрыс жауабы бар тапсырма*

1. Металл кесу станоктарының ішінде дайын тетікке дәл өлшемдер арқылы бет тазалығын қамтамасыз етіп өңдеу

- A) фрезерлеу
- B) қашау
- C) токарлық жону
- D) ажарлау
- E) сүргілеу

### *Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырма*

2. Белгі салуға арналған құрал-саймандар

- A) нүктелегіш
- B) бұрыштық
- C) рулетка
- D) сызғыш құрал
- E) ара
- F) циркуль

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *1-мәнмәтін*

### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Халық тұрмысында мал терілерін қарапайым жолмен ұқсату көптен бері келе жатқан тәсілдердің бірі. Теріден жасалған бұйымдар көшпенді халық үшін өте тиімді болды. Теріден әр түрлі бұйымдар мен ат әбзелдерін жасаған. Тері-табиғаттың өзі жасаған ғажайып материалы. Тері өңдеудің тәсілдері алуан түрлі.

1. Мал терілерін илеудің екі түрлі әдісі бар. Соның бірін біз \_\_\_\_\_ дейміз

- A) үйек
- B) сірі
- C) жарғақ
- D) малма
- E) ыстау

2. Жүнді терілерден тулақ, бөстек, мес т.б. жасалады. Ал жүнін алып тастаған теріден \_\_\_\_\_ жасаймыз

- A) дабыл
- B) тұлып

- C) шарқай
- D) қауға
- E) шанаш

3. Жабағы тері - қой-ешкінің \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ айларындағы жабағы жүні қопсымаған қалың түбітті терісінен, өте жылы күпі, тон, бөстек жасайды.

- A) шілде, тамыз
- B) мамыр, маусым
- C) маусым, шілде
- D) наурыз, сәуір
- E) сәуір, мамыр

4. Сеңсең- \_\_\_\_\_ аралығындағы қозының қырқылмаған терісі, бұдан көбінесе ішік, тымақ, бөрік, бөстек, көрпе жасайды

- A) Үш ай мен алты ай
- B) Екі ай мен үш ай
- C) Алты ай мен сегіз ай
- D) Бір ай мен үш ай
- E) Үш ай мен бес ай

5. Салынып, ысқа ұсталып, құмға қатырылған теріден \_\_\_\_\_ істейміз

- A) қапшық
- B) шанаш
- C) жүген
- D) шідер
- E) шанақ